

«Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы

**2023-2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған
сценарийлер**

«Күншуақ» кіші тобы

2023-2024 оқу жыл

«Алтын ұя» жеке балабақшасы

Тақырыбы:

Аяулы анашым!

«Күншуақ» тобы
(Мерекелік іс-шара)

Дайындаған: А.Д.Сүндетова

2024 жыл

«Аяулы анашым!» 8 - наурыз аналар мерекесіне арналған ертеңгілік

Аналарды сүйеміз!
Сөзін ойға түйеміз.
Әрқашан біз ардақтап,
Әжеге бас иеміз!
Сенен өскен балалар -
Батырлар мен даналар.
Құттықтаймыз мейраммен
Құрметті апа, аналар!

Жүргізуші: Қымбатты да ардақты, аяулы аналар, асыл әжелер мен құрметті көктемдегі құлпырған қыздар!

Гүл көктем, ару көктем, күн көктем!
Сіздерді көктемнің алғашқы айында еліміздің барлық жерінде тойланатын 8 - наурыз әжелер, аналар, қыздар мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздерге әлемнің нұрын, өмірдің гүлін, көктемнің шуағын тілейміз! Мына жарық дүниенің мәні де, сәні де сіздерсіздер! Балалардың сіздерге арналған «Аяулы анашым» атты ертеңгілігімізді қабыл алыңыздар.

Балалар залға көңілді ән - күймен, ұлдар кіреді бір рет айналып тоқтайды, содан кейін қыздар кіреді билеп бір рет шеңберді айналып ұлдарға қарама - қарсы тұрады, ұлдар бір - бірден барып қыздардың қолдарынан ұстап орындыққа отырғызады, содан кейін өздері отырады.

Жүргізуші: Балалар қалай ойлайсындар бүгін қандай мереке?
Балалар ең асыл жан кім? \Ана\
Қызығында, бұзығында көтеретін кім? \Ана\
Үнемі жанында періштедей қорғаштап, демеу беретін кім? \Ана\
Сонымен бүгін қандай мейрам? \Аналар\
Осындай үлкен мейрамында аналардың жүзіне кішкене болса да қуаныш сыйлағымыз келе ме? \Иә \

Ендеше бәріміз орынымыздан тұрып аналарға арнап ән айтамыз.

Ән: «Куанышыммен!» орындайтын «Күншуақ» тобынан құралған хор

Ақ анашым, әппағым.

Өзің жайлы тақпағым.

Арналады сіздерге.

Бар баланың тақпағы - дей отыра сіздерге арналған тақпақтарын қабыл алыңыздар!

Батырхан: Анаң-күнің, жүрегің,

Әкең-өмір тірегің,

Сен-бақытты ұлансың,

Бәрі саған қуансын.

Аспан: Әжең-асыл ардағың,

Атаң-дана қорғаның,

Сен-бақытты ұлансың,

Бәрі саған қуансын

Т.Медина: Біз доспыз гүлдермен,

Текке оны жұлмаймыз.

Мерекеде бір-бірден

Аналарды сыйлаймыз.

Іңкәр: Менің анам ардақты,

Алтыннан да салмақты

Жақсы көріп баласын,

Мәпелейді анашым

Айару: Мәпелейсің мені анам

Қолыңдағы құсындай

Құлпыра өсіп дем алам.

Құшағында қысылмай.

Жүргізуші:

Ақ қар еріп

Су көбейіп! Сай салаға толады.

Ағаш басы бүршік атып,

Гүл бәйшешек басады.

Балаларым айтыңдаршы бұл қай кезде болады? \Көктем мезгілінде\

Ендеше ортамызға көктем мезгілін шақырайық.

(Көктем келеді. \балалар мен, ата - аналармен амандасады.\)

Жүргізуші: Көктем, қош келдің, төрлет Көктем! Біз сені көп күттік! Біздің балалардың көктемнің алғашқы мерекесіне қалай дайындалғандарын тамашала!

Мерекеге арналады бүгін билер,

Көтерілсін қанекей, көңіл күйлер

Алдарыңызға қазір ұлдар биі.

Қол соғып демеу берер көрермендер

Би: « Ұлдар биі» Орындайтын – ұлдар.

Аналарымызға арналған тақпақтарға кезек берейік.

Мәриям: Жүре берсем қасымда

Әйбат анам, әй анам

«Ботам» деген дауысыңнан

Мен мәз болып оянам.

Асылым: Анам менің тірегім,

Жайдары жаз күніндей.

Ән айтқанда үні оның

Нағыз бұлбұл үніндей

Асылым: Сыйлайыншы гүлімді,

Теріп алған даладан.

Мейрамыңыз бүгінгі,

Құтты болсын анажан!

Сафия: Ана біздің күніміз,
Ана біздің гүліміз
Бізді ана қуантып
Ұзақ өмір сүріңіз.

Зайнаб: Айтсаң болды тіл алам.
Әйбат мамам әй мамам.
Сені көрсем қуанам.
Сен керексің қашанда

Айнамкөз: Әлпештеген баласын,
Ана—бақыт, ана – күн.
Әркім сүйіп өзінің
Мақтан етер анасын

Назерке: Аналарды сүйеміз
Сөзін ойға түйеміз.
Әжені де ардақтап
Әдеппен бас иеміз.

Сырым: Бөбегіңнің сыйлығын,
Қабыл алшы анашым.
Ұзақ өмір жүр жасап.
Ауырмашы анашым.

Жансерік: Әр сөзіңді жаттаған,
Жүрегінде сақтаған.
Анашым деп мақтанам.
Айналайын ақ мамам

Зере: Еркелесем күнім дейтін
Ұрысқаны білінбейтін
Маңдайымнан искеп менің
Құлыншағым күнім дейтін.

Е.Медина: Анамды мен жақсы көрем
Айтқан тілін алып жүрем
Қасымда апам жүргенде
Шаттанып ойнап күлем

Мөлдiр: Әр сөзiмдi жаттаған,
Жүрегiмде сақтаған,
Анашым деп мақтанам,
Айналайын ақ мамам.!

Зейнеп: Жердегi бар тағамнан,
Ана сүтi нәрлi екен.
Бұл жалғанда анамнан,
Сүйiктi адам барма екен.

Аяла: Менi жақсы көредi,
Күндей күлiп жүредi,
Көп ертегi бiледi,
Маған айтып бередi

Торғын: Жер бетiнiң ғұмыры,
Күн нұрымен тарайды.
Бiздiң үйдiң жылуы
Анамыздан тарайды.

Асыл-Ұлан: Ақ қабақты анашым,
Күн сәулелi анашым.

Әлпештеген баласын,
Айналайын анашым.

Милана: Менің әжем мейірбан,
Мені жақсы көреді.
Қажетіне жарасам,
Жас балаша күледі.

Әбу: Әжем менің әйбат.
Ешкім оған жетпейді.
Күні бойы бірге ойнап,
Жанымнан бір кетпейді.

Раяна: Әже деген көп шығар,
Әжемдей жоқ шығар.
Мейірімді бұл кісі,
Қандай ғажап күлкісі.

Ән: «Әжетайым» орындайтын хор

Ана біздің күніміз
Ананың біз гүліміз
Балаларды қуанып Аяжан
Ұзақ өмір сүріңіз.
Сенен өскен балалар,
Батырлар мен даналар,
Құттықтаймын мерекеңмен, Бағжан
Құрметті Аналар!

Көктем:

Балалар сендер ойынауды жақсы көресіңдер ме? Егер сендер менің
сұрақтарыма жауап берсендер мен сендерге ойын әкелдім, келісесіңдер ме?
Балалар көктемде қандай өзгерістер болады?
Көктем мезгілінде қай жақтан құстар ұшып келеді? (Тырналар, көкек, қарлығаш,
аққу)
Көктем мезгілінде ең алғашқы қандай гүл шығады? (Бәйшешек, қызғалдақ)

Ойын ; «Анамызға алқа»

Дұрыс менің қолымда бәйшешек гүлдер, Қазір мен бұл гүлдерді жерге
бесеуін қоямын,музыка ойналады,сендер билейсіңдер,музыка тоқталғанда тез
гүлді жерден алу керек,кім үлгірмейді сол ойынан шығады.

Көктем:Балалар менің уақытым келіп қалды. Бырақ мен енді әркез
сендермен бірге боламын! Сау болыңыздар!

Мың бұралған ақ қайындай

Бишелер шықсын ортаға.
Ал ендеше қол соғайық,
Қошеметпен қолқала.

Би: «До-ре-ми» биі орындайтын бір топ қыздар.

Құтты болсын анашым
Құтты болсын мерекең
Әр кез саған тілеймін
Ұзақ өмір жолдарын

Би: «Ерке қыз» биі орындайтын ерке қыздармыз

Ән: «Аяулы анашым» орындайтын «Күншуақ» тобының бүлдіршіндері.

Жүргізуші:Тамаша,міне көрдіңіздерме біздің балалар өнерлі әнші, және өсіп
жатқан артистер!

Біз сыйлықты дүкенен сатып алмаймыз.
Өз өнерімізді қолымыздан жасаймыз.
Аналар күніне бір-бірден сыйлаймыз!

Бүгінгі мерекеге өздерінің қолдарымен жасаған сыйлықтарын табыс етуге
рұқсат етіңіздер. (балалар гүлдерімен ортаға шығады)

Аналар,әжелер біздің ұлдар текқана аналарға емес және қыздарға да
сыйлықтар дайындаған,соны табыс етуге рұқсат етіңіздер.

Күндеріңіз толсын гүлге, желекке
Отбасында болсын ырыс-береке
Құттықтаймыз шын жүректен сіздерді
Өмір-думан, бақ әкелсін мереке -дей отыра бүгінгі мерекеге арналған
ертеңгілігіміз аяқталды, келіп тамашалағандарыңызға көп рахмет.

Анамызға балдаймыз,
Көтерейікші көңілін
Ән салайық бәріміз.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы

Төрлет, Жаңа 2024 жыл!

«Күншуақ» тобы

2023-2024 оқу жылы

Тәрбиеші: Қандай жақсы шыршамыз,
Ән шырқайық, баршамыз.
Тақпақ айтып, би билеп,
Жаңа жылды бастайық

Құрметті қонақтар, әріптестер көптеп күткен мерекеміз жаңа жылда келіп жетті.
Биылғы жаңа жыл баршамыздың отбасыларымызға бақыт, береке, ынтымақ
алып келсін.

Балалар біз қазір қандай мерекені тойламақшымыз?

Балалар: Жаңа жыл!!!

Тәрбиеші: Бәрекелді, жарайсыңдар! Қараңдаршы, айнала неткен керемет, әсем
мына шыршамыздағы ойыншықтардың алуан түрлері бар екен. Бәрімізде әп -
әдемі жаңа жылдық киімдерімізді киіп жиналып қаппыз. Бірақ,... шыршамыз
көңілсіз, қане менің сиқырлы таяғымның көмегімен, сендердің әдемі
сөздеріңмен шамын жағайық! (*Шырша шамы жағылады*)

Балалар, бізде қазір қандай жыл? Былтыр қандай жылды қарсы алып еді,
естерінде ме?

Балалар: Қоян жылы

Ендеше, ескі жылмен Қоян жылын ортамызға шақырайық.

Қоян:

Мен Қоянмын, Қоянмын!

Қуанып былтыр келіп ем

Бір жыл бойы сендермен

Бірге ойнап, күліп ем.

Сәлеметсіңдер ме балалар, бәрің әп-әдемі болып жасыл шырша жанында
жиналып қалыпсыздар гой. Көрсететін өнерлерің мен бірге ойнайтын
ойындарыңды тамашалайын да санаулы сағаттардан кейін сіздермен
қоштаспақшымын.

Балалар ойыны: «Қар домалату»

Тақпақтар:

Есікі жылмен қоштасып,

Жаңа жылмен достасып

Ұлу жылын шақырумыз ортаға (Ұлы жылы келеді)

Ұлу сөзі:

Жаңа жылым мол болсын

Басқан қадам оң болсын

Төрле, төрле Жаңа жыл

Бізге Құтты жыл болсын!

Ән: «Жаңа жыл»

Ойын: «Кедергіден өту»

Кәсе

Тәрбиеші: Жарайсындар, балалар! Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын.
Соны шешесіңдер ме?

Балалар: Иә.

Жұмбақ:

Ақсақалды шал жылына

Бір-ақ рет келіп кетеді

Қызы мен ұлына

Сыйлық алып келеді

/Аяз Ата/

Тәрбиеші: Балалар, енді жаңа жылдық мерекемізге Аяз атаны шақырайық. Ол орманда жүріп адасып кеткен болар.

Балалар: Аяз Ата! Аяз Ата! - деп айғайлап шақырады.

Аяз Атаньң орнына мыстан кемпір ұшып кіреді де, шырианы бір айналып барып, қонақтардың алдына келіп тұра қалады.

Мыстан: Пай-пай! Мен қайда келдім өзі. Мына шыршаның кереметін-ай! Уйге алып кетсем бе екен?*/Осы кезде мыстан төменге еңкейіп, шыршаның түбірімен жұлып алғысы келеді. /*

Тәрбиеші: Мыстан кемпір! Мыстан оған мән бермейді де шыршаны жұлуын тоқтатпайды

Біз «Жаңа жыл» мейрамын тойлап жатырмыз, тимеңіз біздің шыршамызға!
/Мыстан сөзге мән бермей, былай дейді: Туу!/
Маңдайдағы терін сүртіп, тұрып./Мына шыршаның тамырының терең отырғызылғанын-ай, жұлынбайды ғой. Сол кезде шыршадағы жылтыраған кілтті көріп қаладыда: Мынау қандай қызық кілт өзі, осы кілт бағанағы менің ұшып келе жатып көрген, сандықтың кілті болар. Сол сандықтан бір керемет дәмнің иісі шығып еді, мүмкін ақша да бар шығар. Мен шыршаға тимей-ақ, осы кілтті алып барып сандықты ашайын, мүмкін тамағына тойып, ақшасына бір байып қалармын!

Мыстан Кемпір кетіп қалады. Сол кезде қалтасынан бір таяқ түседі.

Тәрбиеші: Балалар, Кәне тойды жалғастырайық, Аяз Ата кешікті ғой. Мүмкін адасып кеткен болар.Әнімізде шырқап,атамызды шақырайық!

«Шырша жыры» жырланады.

Есіктің сыртынан дауыстар естіліп, іле-шала залға Аяз Ата мен Ақшақар кіреді. Аяз Ата Ақшақарды қолынан тартып, жетелейді, ол кіргісі келмейді.

Ақшақар: Ата жіберіңізші мені ! Кірмеймін мұнда, үйге кетемін.

Аяз Ата: Айналайыным-ау, не болып қалған саған, ауырып қалған жоқсың ба өзі?

Ақшақар Жоқ, жоқ. Ауырып тұрған жоқпын. Ешқайда да барғым келмейді, үйге қайтамын.

Аяз Ата: Қызым-ау, не айтып тұрсың!

Қарашы, біз тойға келдік!

Кәне, балалармен амандасайық.

Аяулы аналарға,ардақты ұл-қыздарға
Бүлдіршін балаларға бір сәлем!
Қандай жарқын жүздерін,
Қандай әсем жырларың
Асаулармен алысқап,
Асау желмен жарысқан
Аталарың сендерге
Шаршап келді алыстан

/Балалармен амандасады/

Аяз Ата: Рахмет,рахмет балаларым! Кәнекей қызым! Қонақтардан, ұят болады, басынды көтер. / *Ақшақар басын көтермей тұрады.*/

Аяз Ата: Қарашы, балалардың киімі қандай әдемі. Шыршада әсем безендірілген екен. Бәрі де тым сұлуланып кетіпті.

Шырша шамын жағайық,
Жаңа жыл тойын ашайық.

/Сол кезде Ақшақар жылап тұрып/

Ақшақар: Мен шырша шамын жағатын, сиқырлы таяғымды жоғалтып алдым!
Осы кезде Аяз Ата оны жұбатып тұрып: қазір мен-ақ өзімнің таяғыммен жағамын- дейді.

Ақшақар: Қойыңыз ата! Сіз бұл таяғыңызбен бүкіл шыршаны қатырып тастайсыз.

Тәрбиеші: Ақшақар, сиқырлы таяғың қандай еді?

Ақшақар Менің таяғым жылтырауық, пішіні жүрекке ұқсайды. Сіздер оны көрмедіңіздер ме?

Тәрбиеші: Жаңа мұнда Мыстан болған, ол ұшып бара жатып, қалтасынан жылтыраған бір затын түсіріп алды, сол емес пе екен? Кәне, аңдар,іздеп көріңдерші, сол затты мүмкін тауып берерсіңдер.

/сөйтіп жатқанда тиін сиқырлы таяқты тауып алады/

Аяз Ата: Жарайсың, балапаным! */бетінен сүйеді/*

Тәрбиеші: Кәне,бізде шырша жағуға көмектесейік, әнімізді айтайық.

Балалар қайырмасын айтып жатқанда, Аяз Ата Ақпақарды қасына шақырып, шыршаны жаққызады.

Аяз Ата:

*Құтты болсын, балалар
Келген Жаңа жылдарың
Алаңдамай өсіңдер
Еркелеп қыз, ұлдарым
өткен жылы келіп ем
Бәріңді де көріп ем
Жыл өткізіп келем деп
Уәдемді беріп ем
Ойларың мен бойларың да
Бірдей өсіп қалдыңдар ма?
Ал, мен кіммін айтыңдаршы
Мені тани алдыңдар ма?*

Би: «Аққала» биі

Би: «Қыздар биі»

Би: «Фея» биі

Жаңа жылым мол болсын

Басқан қадам оң болсын

Төрле, төрле жаңа жыл

Бізге құтты жыл болсын - деп бүгінгі өткен жаңа жылдық мерекеміз құтты болсын деп әр үйде құт береке, бірлік, ынтымақ мол байлық тілейміз. Сау болыңыздар

«Алтын ұя» жеке бөбекжай- балабақшасы

Тақырыбы:

«Бірлігіміз жарасқан!»

Дайындаған: А.Д.Сүндетова

2023-2024 оқу жылы

1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған мерекелік сценарий

Тақырыбы: «Бірлігіміз жарасқан»

Ересек топ (2024 оқу жылына арналған)

Мақсаты:

Балаларды Қазақстанда тұратын түрлі ұлт өкілдерінің мәдениетімен таныстыру, достыққа, татулыққа, бірлікке тәрбиелеу.

Безендірілуі:

Қазақстан Туы, көгершіндер, гүлдер, ұлттық оюлар, «1 Мамыр – Бірлік күні» жазуы.

Мерекенің барысы

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті қонақтар, ата-аналар, ұстаздар және бүлдіршіндер!

Бүгін біз халқымыз үшін ерекше мереке – 1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнін атап өтпекпіз. Қазақстан – көптеген ұлт пен ұлыс тату-тәтті өмір сүретін бейбіт ел. Бірлігіміз бекем, достығымыз мәңгі болсын!

Балалардың тақпақтары

1-бала:

Бірлік – біздің ұранымыз,

Бірлік – біздің туымыз.

Тату-тәтті өмір сүріп,

Бақыт тапсын бәріміз.

2-бала:

Қазақстан – ортақ үй,

Бәрімізге құтты үй.

Достықпенен өмір сүріп,

Күлімдейік шат бүгін.

3-бала:

Әрқашанда біргеміз,
Ажырамас іргеміз.
Бейбітшілік елінде,
Бақытты боп жүреміз.

Ән

«Достық» әні

Би

«Қазақ биі»

Ойын: «Достық шеңбері»

Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне жақсы тілектер айтады.

Ұлттар биі

- Қазақ биі
- Орыс биі
- Өзбек биі

Сергіту ойыны: «Кім жылдам?»

Екі топқа бөлініп, түрлі түсті гүлдерді жинап, «Достық гүлшоғын» құрастырады.

Ән

«Атамекен» (немесе балаларға таныс патриоттық ән)

Жүргізуші:

Балалар, бәріміз бір шаңырақ астында өмір сүріп жатырмыз. Бірлігіміз мықты болса, еліміз де қуатты болады.

Қорытынды

Барлық балалар бірге:

Біз – бақытты баламыз,
Бірлігі жарасқан даламыз.
Қазақстан жасасын,
Тәуелсіз ел жасасын!

Жүргізуші:

Құрметті қонақтар! Осымен «Бірлігіміз жарасқан» атты мерекелік кешіміз аяқталды. Баршаңызға денсаулық, амандық, елімізге тыныштық, халқымызға бірлік тілейміз!

Ән: «Көк тудың желбірегені» (ортақ орындау немесе фон ретінде).



«Алтын ұя» жеке бөбекжай- балабақшасы

Тақырыбы:

«Біз, бейбіт елдің ұланымыз!»

Дайындаған: А.Д.Сүндетова

2023-2024 оқу жыл

«Біз бейбіт елдің ұланымыз» 9 мамыр Жеңіс күніне арналған ашық оқу қызметі.

Балалар «марш» екпінімен топқа кіреді, ортаны айналып шығып шеңбер жасап тұрады.

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Ұйымдастырылған оқу іс — әрекет түрі: «сурет салу»

Тақырыбы: Ұлы Жеңіс күніне арналған «Әніміз бар тамаша!»

Мақсаты: Балаларды адамгершілікке тәрбиелеу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, оны қорғауға баулу. Балаларды үлкен адамдарды сыйлай білуге, оларды қадірлеуге тәрбиелеу. Әнге деген қызығушылықтарын ояту, ән туралы түсініктерін қалыптастыру, музыкалық есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Көрнекілігі: Ұлы Отан соғысына қатысқан Әлия Молдағұлова, Мәншүк Маметова Бауыржан Момышұлы сияқты батырлар суреттері. Плакаттар. Көгершін құсы, текшелер.

— Балаларосында бізге қонаққа апайларымыз келіп отыр екен апайларымызбен амандасып алайықшы балалар.

Біз — көңілді баламыз,

Өнер құған дарамыз.

Әнге салып әдемі

Би де билеп аламыз.

(Балалармен музыка тілінде амандасу)

Сә- ле- мет –пе балалар!!!

Сә-ле-метсіз бе апай!!

— Балалар енді жеңіл әдемі әуенге әдемі би билеп көңілімізді көтеріп алайықшы.

— Жарайсындар балалар,

Балалар бүгінгі біздің сабағымыз Ұлы Жеңіс күніне арналып отыр. Отанымыз жаулардан азат етілген күн. Бұл Жеңіс бізге оңай келген жоқ. Соғыста біздің Қазақстан Республикасы да жан аямай шайқасты. Даңқты қарулы күштердің және еңбек армиясының құрамында көптеген млн қазақстандықтар болған. Ат ауыздығымен су ішкен сұрапыл соғыста ерлермен бірге қолдарына қару алып, Отанын қорғауға біздің батыр апаларымыз Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мамбетова ерлік көрсетіп, батырлықпен қаза тапты. Екінші

дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы қазақтың көрнекі жазушысы
Бауыржан Момышұлы атамыз да сол соғыста болған.

Жау жеңілді ақыры
Атты бейбіт таң күліп,
Әлия мен Мәншүкті

Ұмытпайды ел мәңгілік.
Қайсарлық пен өшпес ерлік көрсеткен қазақтың қаһарманы Әлия мен Мәншүкті біз ешқашан
ұмытпаймыз. Өлшеусіз өжеттілік пен жеңіске мұқалмас ерлік-жігер танытқан қос қарлығаш
біздің міңгілік жүрегімізде сақталады.

Осы осы соғыста болған ата – бабаларымызды, апкелерімізді еске алып 1 минут
үнсіздік жарялайық. Орнымыздан тұрайық балалар.

Жарайсыңдар балалар, енді «Мәңгі алауға» гүл шоқтарыңызды қойыңыздар

Міне балалар бүгінгі осы Ұлы Жеңіс жолында, Отан үшін жан беріп ерлік көрсеткен
аға, апкелерімізге арнап тақпақтар айтып берейікші балалар.

Зейнеп:
Мәншүк апай батыр қыз
Ардақтаймыз атын біз
Ұқсап Мәншүк апайға
Өсіп келе жатырмыз.

Марьям:
Әлия орыс қаласын
Азат етіп болды мерт
Ол жеңісті көрген жоқ
Келді кейін азат күн
Бірақ мәңгі өлген жоқ
Батыр қызы қазақтың.

Батырхан:
Отан үшін от кешкен
Жүректерін оқ тескен
Қайсар батыр бабалар
Асыл антын серт еткен.

Зере:
Арылтып жаудан жерінді
Табанға жаншып өмірді
Жеңіспен желпіп өмірді
Оралды ерлер көңілді
Десеңдер бұл қай күні
Тоғызыншы мамыр күні.

Жансерік:

Мен соғысты жек көрем
Күні ертең ақ ер жетем
Туған жерді әлпештеп
Кірпік ілмей тербетем.

Медина.Е

Соғыс өртін көзбен көрген
Отан үшін жанын берген
Мақтанышым ардагерім
Жеңіс туын желбіреткен.

Назерке:

Жеңіс туы жылтылдап
Жығылмай мәңгі тұрады
Сол тудың өскен артында
Ерлердің біздер ұланы.

Бауыржан:

Бақыт силап жатады әр күн
Санамызға жарық берген
Әкелер мен аталардың
Бұл Жеңісті алып келген.

Аяла:

Сарғая күткен ұлы күн
Шұғыласы бүгін жарқ етті
Бағына талай миллионның
Баянды Жеңіс күн жетті.

Сырым:

Жеңіс келді далама,
Жеңіс келді ән болып.
Жеңіс келді қалама,
Келді ауылға сән көрдік.

Керемет балалар, біздің балалардың Жеңіс күніне арналған, аға апкелеріне арналған тақпақтары көп екен.

Енді балалар мына суреттер ішінен кім көрсетеді Әлия апамыздың суретін. Мәншүк апамызды қайсы?

Бауыржан Момышұлы атамызды кім көрсетеді?

Жарайсыңдар балалар!

Музыка тыңдау: «Әр қашан күн сөнбесін» әні

Мінекей балалар әнді де тыңдап алдық, әнді кім айтқан, балалар? бала айтқан? Балалар не салған ақ қағазға? Ия суретін салып астына тілек жазып қойыпты.

Бұл әнде не туралы айтылып тұр? Балалар орнымыздан тұрып қайырмасын баріміз бірге айтайықшы.

Әр қашан күн сөнбесін.
Аспаннан бұлт төнбесін.
Қасымда болсын мамам
Болайын мен де аман. Жарайсыңдар балалар.

Музыкалық — ырғақты қимылдар
(«Ақ көгершін» әніне қимылдар жасатып билету)
— Балалар, көгершін қандай құс? Ол бейбітшіліктің, тыныштықтың, ынтымақтың құсы екен.
Бүгін біз осында отырған қонақтарымызға «Ақ көгершін» әніне ырғақты қимылдарды
қолданып би билеп берейікші.
Ән сөздеріне және ырғағына сәйкестендіре, жұптаса көгершін құсымен бірге би қимылдарын
орындауға шақырамын.

Балалар, сонау соғыс уақытында кеуделерін оққа тосып ыстық аптапқа да, суық аязға
да шыдап туған жерімізді Отанымызды жаудан қорғап, бізге бейбітшілік өмір сыйлаған ата
бабаларымыздың ерліктерін мәңгі ұмытпаймыз. Солардың арқасында біздің ата-әжеміз, ата-
анамыз, бауырларымыз қасымызда, өміріміз шаттыққа толы, Отанымыз тыныш, аспанымыз
ашық, бақытты өмір сүрудеміз.

Олай болса біздің бүгінгі үйренетін әніміз
«Ел қорғауға әзірміз»
Әні- Күнсәйын Қуатбаевтікі
сөзі- Музафар Әлімбаевтыкі

Аязда да тоңбаймыз
Аптапқада төземіз,
Түнде де жол барлаймыз,
Суда еркін жүземіз.
Қайырмасы:
Бұл шақта, бұл шақта,
Кішкентаймыз қазір біз
Кішкентай болсақ та,
Ел қорғауға әзірміз.
Біз Отанды сүйеміз,
Біз Отанға адалмыз
Көгілдір ту — иеміз,
Қалай жасық болармыз.

Ойын: «Біздің саяхат»

Ырғақ сезімдерін дамытуға арналған ойын
Балалар шеңбер болып тұрамыз. Ойынның аты «Біздің саяхат» деп аталады. Осы құрттай ғана
шеңбер бойында біз кішігірім саяхат құрамыз. Мен айтып тұрамын. Көз алдарыңа елестетіп,
қимыл қозғалыстарды орындайсыңдар жарай ма балалар. Ол үшін бізге музыкалық аспап
және мына балғашық көмектеседі.

Достығымыз жараса,
Асыр салып таласа

Ойынды тез бастайық,
Шартын қатаң сақтайық.

1. Баспалдақтан баяу, асықпай түсеміз;
2. Далаға шықтық күннің көзіне көңілденіп қуандық балалар;
3. Айгерім допты алып жерге соға бастады; (балғашық)
4. Балалар көңілді, өте қуанышты, қуанып тез-тез секіріп жамырасып күлісті; (музыка)
5. Бірақ, балалар жаңбыр жайменен жауа бастады.
Сосын қатты нөсерлетіп жауды.
6. Балалар жаңбырдан, күннің күркірегенінен қорқып тез-тез балабақшаға оралды.

Керемет балалар, ойын сендерге ұнады ма? Біз бұл ойында нені сезіндік? Көзбен елестетіп сезіндік. Өзіміз іс жүзінде жүзеге асыра білдік.
Жарайсыңдар балалар!

Ойында қандай әсер алдыңдар? Көздерінді жұмып елестетіп сезіндіңдер, ән арқылы түрлі қимылдар жасадық баспалдақтан тустік, күннің көзіне жүгіріп шықтық, күн күркіреп жауын жауды балалар. Соның бәрін біз елестетіп сезіндік.
Ойын қызықты болды ма сендерге?

«Ел қорғауға әзірміз» әнін үйрендік Ән сендерге ұнады ма?
«Бұл шақта, бұл шақта,
Кішкентаймыз қазір біз
Кішкентай болсақ та,
Ел қорғауға әзірміз» — дейді я балалар.
Кішкене болсақ та біз атамекенімізді Қазақстан Отанымызды қорғауға әзірміз дейді. Әр бір Отаным Қазақстан деп жүрегі соққан азамат елін, жерін қорғап сүйіп өту парызымыз екен балалар!

Керемет балалар, сабаққа сондай жақсы қатыстыңдар?
Биді де адемі билеп, әнді де жақсы айттыңдар жарайсыңдар балалар. Ешқашан соғыс болмасын. От басымыз, ата – анамыз, аға әпкелеріміз, бауырларымыз аман. Заманымыз тыныш. Әр қашанда осылай көңілді, бақытты болып жүрулеріңе тілектеспін. Осымен сабағымыз аяқталды.
Апайлармен сауласып алайықшы балалар, орнымыздан тұрайық.
Сұм соғыс қайтіп болмасын
Бәйшешектер солмасын
Еліміз бейбіт күн кешіп,
Бір Алла өзі қолдасын.
Бірлікпен күн кешіп,
Бейбітшілік орнасын.
Қош сау болыңыздар апайлар!

Марш екпінімен балалар топтан шығып кетеді.

Алаш саябағына барып, ескерткіштерге балалар гүл шоқтарын қояды.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай- балабақшасы

Тақырыбы:

«Армысың әз, Наурыз!»

Дайындаған: А.Д.Сүндетова

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Армысың, әз Наурыз!»

Ересек топ (2024 оқу жылы)

Мақсаты:

Балаларды қазақ халқының салт-дәстүрімен таныстыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, Отанға деген сүйіспеншілікке, үлкенді құрметтеуге тәрбиелеу.

Безендірілуі:

Киіз үй, ұлттық ою-өрнектер, дастархан, бауырсақ, қымыз, Наурыз көже, домбыра, гүлдер мен шарлар.

Кейіпкерлер:

- Жүргізуші
- Әже
- Алдар көсе
- Қыдыр ата
- Балалар

Мерекенің барысы

(Күй орындалып тұрады. Балалар ұлттық киіммен залға кіреді.)

Жүргізуші:

Армысыздар, қадірлі қонақтар, ата-аналар, әріптестер!

Баршаңызды Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Наурыз – жаңару мен жақсылықтың, бірлік пен берекенің мерекесі. Ұлыс оң, ақ мол болсын!

Балалардың тақпақтары

1-бала:

Наурыз келді далама,
Наурыз келді балама.
Көктем болып жайнады,
Қуаныш келді баршаға.

2-бала:

Наурыз тойы – салтымыз,
Көгерсін деп халқымыз.
Береке мен бірліктің,
Мерекесі халқымыз.

3-бала:

Күн мен түн теңеледі,
Жер дүнием гүлденеді.
Қош келіпсің, өз Наурыз,
Ақ молшылық тілейді.

Ән

«Наурыз келді»

Әже кіреді

– Балаларым, Наурыз құтты болсын! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болып өсіңдер!

Би

«Қамажай» биі

Алдар көсе келеді

– Ассалаумағалейкум, ағайын! Наурыз тойына кешігіп қалдым. Балалар, ойын ойнаймыз ба?

Ұлттық ойындар

1. «Арқан тарту»

2. «Асық жинау»

3. «Орамал тастау»

Қыдыр ата келеді

– Армысыңдар, балалар! Наурыз құтты болсын! Барлықтарыңа денсаулық, бақыт, молшылық тілеймін.

Бата

Ақ мол болсын,
Дендерің сау болсын.
Еліміз тыныш,
Жеріміз ырысты болсын.
Әумин!

Ән

«Домбыра» немесе «Қазақ елі»

Ортақ би

«Қара жорға»

Қорытынды

Жүргізуші:

Құрметті қонақтар! Бүгінгі Наурыз мерекесі бәрімізге шаттық сыйласын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, бірлігіміз бекем болсын!

Барлық балалар бірге:

Наурыз құтты болсын!
Ақ мол болсын!
Ұлыс оң болсын!
Бақыт пен береке әр шаңыраққа қонсын!

(Балалар «Наурыз думан» әнімен мерекені аяқтайды.)

